

ШҮРЛЫ ЖОЛ


1991 жылдың 10 январынан шыға бастады

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Заң шығару палатасы Кеңесінің, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты Кеңесінің және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің газеті

№12 (3277), сенбі,
8 февраль, 2025 жыл

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖАПОНИЯ ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзияев 7 февраль күні Жапония Премьер-министрінің арнайы кеңесшісі Акихиса Нагасима басшылығындағы делегацияны қабылдады.



Өзбекстан мен Жапония арасындағы достық және стратегиялық серіктестік байланыстарды одан әрі нығайту, көпқырлы ынтымақтастық пен практикалық серіктестікті кеңейтудің өзекті мәселелері талқыланды.

Арнайы кеңесші Акихиса Нагасима мемлекетіміз

басшысына Жапония Премьер-министрі Сигеру Исибаның сәлемі мен жеке хатын жеткізді.

Жапония Өзбекстанға заң үстемдігіне негізделген еркін және ашық халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету мен нығайтуда өзінің сенімді және ұзақ мерзімді стратегиялық се-

ріктесі ретінде қарайтыны айтылды.

Жапония үкіметі экономикалық және инновациялық ынтымақтастықты, энергетика, өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік секторлардағы кооперацияны, қарқынды білім беру мен мәдени алмасуларды, туризм және

еңбек көші-қон бағдарламаларын, сондай-ақ тиімді аймақтық ынтымақтастықты қоса алғанда, кең ауқымдағы екіжақты қарым-қатынастардың жедел дамуын жоғары бағалайтыны атап өтілді.

2024 жылы елдер арасындағы тауар айырбастау көлемі 35 пайызға өсті. Жа-

понияның жетекші компанияларымен және банктерімен жобалық портфель 12 миллиард доллардан асады. Өзбекстанда 100-ге жуық бірлескен кәсіпорындар мен ұйымдар, соның ішінде Өзбекстан — Жапон орталығы табысты жұмыс істеуде.

Өзбекстан жетекшісі жоғары деңгейдегі белсенді диалогтар мен өзара сапарларды жалғастырудың маңыздылығын атап өтті. Сауда-экономикалық, инвестициялық және қаржылық-техникалық салалардағы, соның ішінде Жапония үкіметінің Дамуға көмектесу бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық күн тәртібінің мазмұндылығы ризашылықпен атап өтілді.

Өзбекстан Президенті Жапония үкіметіне үстіміздегі жылдың апрель айында Осака қаласында ашылатын “Экспо” дүниежүзілік көрмесінің сәтті өтуін тіледі.

Алдағы “Орталық Азия + Жапония” форматындағы бірінші саммитке дайындық аясында аймақтық ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алысылды.

ӨЗА

Өзбекстан Республикасы Президентінің Баспасөз қызметі суреті.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫН ДАМУҒА ІС-ШАРАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Президент Шавкат Мирзияевтың төрағалығымен 7 февраль күні аумақтардағы қызмет көрсету саласын дамыту бойынша бейнеселектор жиналысы өтті.

Үш жыл бұрын осыған байланысты үлкен бағдарлама қолға алынғаны бүгінде өз жемісін беруде. Қызмет көрсету саласында қосымша 1,5 миллион адам тұрақты табысқа ие болды. Қызметтер көлемі 2018 жылғы 19 миллиард доллардан 65 миллиард долларға дейін өсті. Әсіресе, ақпараттық технологиялар, қаржылық қызметтер, туризм, авиация, білім беру, медицина салаларында “үлкен бетбұрыс” болды.

Бұлар жақсы, әрине. Бірақ мүмкіндіктер одан әлдеқайда көп. Оларды жүзеге асыруда аумақтар мен салаларда тұтастық жок.

Мәселен, Хорезмге 6 миллион саяхатшы тарту жоспарланған. Бірақ ол үшін ұшақтар мен пойыздар қатынауы жеткіліксіз. Медицина, авиация және энергетикадағы жеке секторды қамтитын жобалар 20 миллиард доллардан асты. Дегенмен, ауызсу, кәріз және жол құрылысында мұндай жобалар дерлік жок.

Жиналыста осындай проблемалар сараланып, аумақтар мен салалардағы зор мүмкіндіктерге тоқталды.

Соңғы жеті жылда халықтың табысы мен төлем қабілеттілігінің 2 есе артуы нәтижесінде қызмет көрсетуге сұраныс артқаны атап өтілді. Осы мақсатта министрлер мен әкімдердің күн сайын қызмет түрлерін көбейтіп, кәсіпкерлерге жол ашу керектігі баса айтылды.

Биыл қызмет көрсету көлемін 15 пайызға ұлғайтып, 82 миллиард долларға, ал экспортты 8,5 миллиард долларға дейін жеткізіп, саладағы 2,5 миллион адамды табысты ету көзделген.

Ең үлкен мүмкіндік банк-қаржы саласында. Атап айтқанда, құрылыс салушыларға жаңа аумақтардың 10-15 пайызын тұрғын үй емес аумақтарға ауыстыруға рұқсат етілген. Осыны тиімді пайдалану мақсатында банктер арқылы жылжымайтын мүлікті тікелей құрылыс салушылардан сатып алып, кәсіпкерлерге тиімді шарттармен жалға немесе лизингке беру туралы ұсыныс жасалды. Осы арқылы 50 мың шаршы метр тұрғын үй емес аумақты айналымға енгізіп, 100 мың жұмыс орнын ашу мүмкін.

Қаржылық қызмет көрсету көлемін 30 пайызға арттыру көзделген. Махалла банкпрлері жұмыс бастап, халыққа жақын болуы — қосымша мүмкіндік. Атап айтқанда, жиі сұралатын кадастрлық, салықтық, әділеттік мәліметтерді банктің ақпараттық жүйелерімен байланыстыру қызмет көлемін арттырады.

Биылдан аудандарда қызмет көрсету саласын дамыту бойынша жаңаша жанасу қалыптасады. Осыған байланысты 1 мың 156 драйвер жоба жергілікті кеңесте мақұлданды. Олардың инфрақұрылымына 1 триллион сум бөлінеді.

Атап айтқанда, биыл 72 жағалаудағы демалыс аумағы, тәулік бойы жұмыс істейтін 154 туристік және астрономиялық көшелер құрылады. 62 демалыс саябағы заманауи түске енеді. 364 жол бойы және басқа да қызмет көрсету нысандары салынады.

Екі жыл бұрын сауда және қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар үшін әлеуметтік салық 1 пайыз мөлшерінде белгіленген еді. Өткен кезеңде кәсіпорындар саны 1,5 есеге өсті. Маңыздысы, көптеген кәсіпкерлер “көлеңкеден” шығып, айлық жалақыларын нақты көрсетуге ауысқанының нәтижесінде жалақы 3,2 есе артып, қосымша 2,1 триллион сум салық жиналды.

Осыны ескере отырып, бұл жеңілдік мерзімін тағы үш жылға ұзарту туралы ұсыныс мақұлданды. Енді бұл жеңілдік қызмет көрсету кәсіпорындарының айына кемінде 3 миллион сум жалақы алатын 30 жасқа дейінгі қызметкерлеріне қатысты болады. Құрылыс, сауда, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жұмысшылармен қысқа мерзімді, оңайлатылған еңбек келісімшартын жасай алады.

Соңғы үш жылда 27 түрдегі мемлекеттік қызмет жеке секторға берілді. Дегенмен, министрлік жүйесіндегі

кәсіпкерлер ұсынатын қызметтер әлі де көп. Биыл тағы 29 мемлекеттік қызмет түрі жеке секторға берілетіні белгілі болды.

Жер телімдері мен мемлекеттік мүлікті жалға алу немесе жекешелендірудің ашық, айқын және тиімді шарттарын әзірлеп, кәсіпкерлерге жариялау міндеті қойылды.

Өзбекстан Президентінің 2024 жылғы 20 декабрьдегі қол қойылған аумақтарда жоғары экономикалық өсімді және халықты жұмыспен қамтамасыз етудің жаңа жүйесіне қатысты жарлығы бұл орайда үлкен мүмкіндік туғызды. Оған сәйкес, ағымдағы жылдың 1 мартынан бастап 10 мың шаршы метрге дейінгі болған және 6 ай бойы сатылмаған аудандардағы мемлекеттік нысандар кәсіпкерлерге 10 жылға тікелей жалға беріледі. Төрт жыл бойы жалақысы уақытында төленсе, бұл орын кәсіпкерге жекешелендіріліп беріледі. Жастарды IT және шет тілдеріне оқытып, халықаралық сертификаттар беретін кәсіпкерлер бірінші жыл үшін жалақысын төлемейді.

Мемлекет басшысы қашықтықтан қызмет көрсету экспортын жаңа бақысқа көтеру қажеттігін атап өтті. Осы мақсатта шет елдердегі қызмет базары мен талаптарды үйреніп, тиісті мамандарды даярлау міндеті қойылды.

Биыл креативті экономикадағы стартап жобаларға 50 миллион доллар бөлінді. Бұл арқылы жастардың бастамаларын қолдап-қуаттау және шетелдік компанияларда жұмыс істейтін отандастарымызды тарту мақсат етілген.

Жалпы, биыл IT-қызмет көлемін 30 пайызға, 80 триллион сумға дейін, ал экспортты 1 миллиард долларға арттыру мүмкіндігі бар екені айтылды. Аумақтар мен салалардағы қызметтерді цифрландыру бойынша тапсырмалар берілді.

Қызмет көрсетуді дамытуда қолайлы көлік инфрақұрылымы өте маңызды. Өткен жылы көлік қызметі 8,6 пайызға өсіп, 145 триллион сумды құрады. Алайда, бұл жоғары экономикалық өсім үшін жеткіліксіз.

Сондықтан еліміздегі қалалар арасындағы әуе және пойыз қатынасын арттыру, мультимодальды логистикалық орталықтар салу, транзиттік жүктердің үлесін арттыру, таксилердің ыңғайлылығын кеңейту бойынша қосымша іс-шаралар қабылданды.

Бұл үстіміздегі жылы көлік қызметінің көлемі 185 триллион сумға, экспорт көлемі 2,3 миллиард долларға жетуі мүмкін екенін көрсетеді.

Ең үлкен қызмет көрсету саласы — туризм. Соңғы жылдары 90-нан астам елмен қарым-қатынастың жақсаруы нәтижесінде шетелдік саяхатшылар саны төрт есеге жуық артты. Өткен жылы туристік қызмет экспорты 3,5 миллиард долларды құрады.

Бірақ еліміздің әлеуеті бұдан әлдеқайда жоғары. Мәселен, Малайзия мен Индонезия мұсылмандары аумағы бар алдында ғұламаларымыздың қабірін зиярат еткенді ұнатады. Олар үшін “Умара плюс” қызметін іске қосу туралы шешім қабылданды.

Самаркент, Шахрисабз, Бұхара, Хиуа, Ташкент туристік көшендерде өткізілетін халықаралық концерттер мен форумдар көптеген келушілерді тартады. Келушілер қонақүйлердің, мейрамханалардың, дүкендердің, тағы басқа да ойын-сауық орындарының тұтынушыларына айналады.

Әлеуметтік салада да көптеген мүмкіндік бар. Мәселен, өткен жылы “Медициналық қызмет қонақжайлығы” бағдарламасы іске қосылды. Бұл шетел азаматтарын емдеуге және экспортты арттыру үшін қолайлы.

Соңғы сегіз жылда 125 жаңа жоғары оқу орны ашылды. Бірақ бұл саланың экспорттық мүмкіндіктеріне мүлдем сәйкес келмейді. Немесе бос тұрған біраз мәдениет және өнер ошақтарын жеке секторға беру мүмкін.

Жиналыста Президент жауаптылармен және кәсіпкерлермен тілдесті. Сала басшылары биыл аумақтарда 2,5 миллион адамды жұмыспен қамту жоспары туралы ақпарат берді.

ӨЗА

“ӘЛІШЕР НАУАИ ЖӘНЕ ШЫҒЫС РЕНЕССАНСЫ” IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СИМПОЗИУМЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНА

Құрметті симпозиумға қатысушылар!

Құрметті қонақтар!

Алдымен, сіз, ғазиздерді **“Әлішер Науаи және Шығыс Ренессансы”** IV халықаралық симпозиумының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын.

Көне Өзбекстан жерінде, көрікті Зарафшан өңірінде Шығыс Қайта өрлеу дәуірінің жарқын өкілі, ұлы ақын, ойшыл Мір Әлішер Науаидың есімімен аталатын қалада алғаш рет өткізіліп отырған форумның әлемдік беделі артып келеді. Бұл жолғы конференцияға Азия, Африка, Еуропа және Америка құрлықтары елдерінен көптеген атақты ғалымдар мен зерттеушілердің қатысуы осы ойды айқын дәлелдейді.

Осы конференцияның Науаи облысында “Әлішер Науаи жылы” деп жарияланған биыл ұлы бабамыздың 584 жылдығы кең көлем-

де аталып өтілетін күндерде өтуі оның сән-салтанатын одан әрі арттыруда.

Құрметті достар!

Әлемдік әдебиет пен ойлау тарихында өшпес із қалдырған Әлішер Науаи ғасырлар бойы биік гуманизмнің, Отанға адалдықтың, әділдіктің, ізгіліктің рәмізі ретінде әлем жұртшылығының назарын аударып келеді.

Хазірет Мір Әлішер Науаидың аса қиын жағдайда ұлттық және жалпыадамзаттық идеяларды биікке көтеріп, өзбек әдеби тілінің іргетасын қалап, оның өшпес рухын, құдіретін, көркемдігін жан-жақты дәлелдеп көрсетуі нағыз рухани батылдықтың үлгісі десек, шындықты айтқан боламыз.

Бұл классик тұлғаның дүниежүзі әдебиетінің стандартына, уақыт пен тарих сынына толық жауап беретін жауһарлар тудырып, тек өзбек қана емес, бүкіл түркі әде-

биетінің дамуына теңдессіз үлес қосқаны да үлкен танданыс пен мақтауға тұрарлық.

Әлішер Науаидың баға жетпес шығармашылық мұрасының әлем әдебиеті данышпандарының ұлы шығармаларымен қатар тұруы біз үшін зор мақтаныш сезімін тудырады.

Әсіресе, дана бабамыздың түрлі халықтар арасындағы татулық пен достықты нығайтып, адамзаттың жарқын болашағын бірлесіп құруға үндеген идеялары мен пайымдарының маңызы қазіргідей қауіпті заманда артып келеді.

Бүгінгі күні біз Жаңа Өзбекстандағы Үшінші Ренессансты құру жолында Әлішер Науаи шығармаларын өзіміз үшін сарқылмас құз-қуат пен шабыт деп білеміз. Ендеше, осы қайталанбас рухани байлықты терең зерттеп, дәріптеу қашанда басты назарымызда болады.

Өзбекстан Республикасы Президентінің ҚАУЛЫСЫ

ҰЛЫ АҚЫН ЖӘНЕ ОЙШЫЛ МІР ӘЛІШЕР НАУАИДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ЕЛІМІЗ БЕН ӘЛЕМДЕ КЕҢІНЕН НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ НАУАИ ОБЛЫСЫНДА “ӘЛІШЕР НАУАИ ЖЫЛЫН” ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗУ ІС-ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

Ұлы ақын және ойшыл, халықсүйгіш мемлекет қайраткері Мір Әлішер Науаидың баға жетпес мұрасы ел-жұртымыздың рухани өмірі мен әлем әдебиетінің дамуында ерекше маңызды орын алады. Оның құтты бейнесі өмірін Отан мен халқының бақыты үшін арнауы өмірлік мұраты санайтын жанкешті тұлғаларды тәрбиелеуде қай заманда да жоғары идеал үлгісі болып табылады.

Соңғы жылдары ұлы бабамыздың өмірі мен шығармашылығын үйрену және дүниежүзілік деңгейде кенінен насихаттау бойынша көптеген жобалар жүзеге асырылды, атап айтқанда, халықаралық ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, ақын шығармаларын шет тілдеріне аудару және басып шығару жұмыстары жалғасуда. Ұлы гуманист, әділдік пен ізгіліктің жаршы-

сы, ғылым-білім, мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің жанашыры Әлішер Науаидың әмбебап маңызға ие өлмес мұрасын одан әрі терең зерделеп, халқымыздың және әлем халқының осынау зор байлықты жан-жақты пайдалануына мүмкіндік жасау мақсатында:

(Жалғасы 2-бетте.)

Өзбекстан Республикасы Президентінің
ҚАУЛЫСЫ

ҰЛЫ АҚЫН ЖӘНЕ ОЙШЫЛ МІР ӘЛІШЕР НАУАИДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ЕЛІМІЗ БЕН ӘЛЕМДЕ КЕҢІНЕН
НАСИХАТТАУ ЖӘНЕ НАУАИ ОБЛЫСЫНДА “ӘЛІШЕР НАУАИ ЖЫЛЫН”
ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТКІЗУ ІС-ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ

(Жалғасы.
Басы 1-бетте.)

Мәдениет министрлігінің, Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігінің, Жазушылар одағының, Республикалық Руханият және ағартушылық орталығының, Әлішер Науаи атындағы халықаралық қоғамдық қорының, Науаи облысы әкімдігінің және жалпы жұртшылықтың Әлішер Науаидың туғанына 584 жыл толуына орай **Науаи облысында 2025 жылды “Әлішер Науаи жылы”** деп атау туралы ұсынысы мақұлданды.

Әлішер Науаидың шығармашылық мұрасын терең зерттеу және кеңінен насихаттау, сондай-ақ “Әлішер Науаи жылын” жоғары деңгейде өткізу бойынша **республикалық комиссияның** (кейінгі орындарда — Республикалық комиссияны) құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Төмендегілер Республикалық комиссияның негізгі міндеттері етіп белгіленсін:

Әлішер Науаи мұрасын үйрену жұмыстарын одан да жоғары басқышқа көтеру мақсатында елімізде және шетелдерде жүйелі ғылыми зерттеулер жүргізу мен олардың нәтижелерін жариялау, осы тақырыпта жаңа ғылыми, көркем және әмбебап еңбектер жасау, шетелдік науатанушы ғалымдар, сондай-ақ өнер қайраткерлерінің еңбектерін өзбек тілінде басып шығару шараларын қарастыру;

Науаидың бейнесі бейнеленген, оның жеке, ғылыми-ағартушылық мұрасын, мемлекет қайраткері ретіндегі қызметіне бағытталған көрмелі бұқаралық ақпарат құралдарын дайындау, медиаәнімдер мен аудиовизуалды туындылар жасау, олардың жергілікті және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялануын, сондай-ақ әлеуметтік желілерде орналастырылуын қамтамасыз ету;

Өзбекстан Республикасының шет елдердегі елшіліктерінде, өзбек ұлттық мәдени орталықтарында, отандастар қоғамдарында Әлішер Науаидың өмірі мен шығармашылығын, гуманитарлық идеяларын кеңінен үйрену және насихаттау мақсатында ғылыми конференциялар мен дөңгелек үстел сұхбаттарын ұйымдастыру;

осы үдерісте министрліктер мен кеңселердің, ғылыми және шығармашылық, ағартушылық мекемелерінің арасында тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету;

осы қаулыда көзделген іс-шараларды өз уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз ету, іс-шараларды қаржыландыруға байланысты қаражаттардың Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражат шегінде, орындаушылардың бюджеттен тыс қаражаты, халықаралық гранттар, сондай-ақ заңдылықта тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен орындалуын ұйымдастыру, қаражаттың бөлінуі мен жұмсалуды бақылау.

4. Әлішер Науаидың бағалы шығармашылық мұрасын кеңінен насихаттау және Науаи облысында “Әлішер Науаи жылы” жоғары деңгейде атап өту бойынша **іс-шаралар бағдарламасы** (кейінгі орындарда — Бағдарлама) 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Республикалық комиссия Бағдарламада көзделген іс-шаралардың уақытында және тиімді орындалуын ұйымдастырсын, осы мәселеде кеңсеаралық ынтымақтастықты қамтамасыз етсін.

Министрлер Кабинетінің Мемлекеттік тілді дамыту департаменті Республикалық комиссияның жұмыс органы етіп белгіленсін.

5. Науаи облысында 2025 жылды “Әлішер Науаи жылы” деп белгілеуге байланысты Науаи облыстық әкімдігі:

Әлішер Науаи атындағы халықаралық қоғамдық қоры, Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі, Жазушылар одағымен бірге 2025 жылғы 8-9 февраль күндері ұлы бабамыздың туғанына 584 жыл толуына орай отандық және шетелдік ғалымдардың, шығармашылық зиялылардың, кен жұртшылықтың қатысуымен **“Әлішер Науаи және Шығыс Ренессансы”** дәстүрлі халықаралық симпозиумы мен науатану шараларын жоғары деңгейде өткізу шараларын қарастырсын;

“Жасыл аумақ” жалпыұлттық жобасы аясында Науаи облысының барлық қалалары мен аудандарында Әлішер Науаидың өмірімен және шығармашылық қызметімен байланысты әсем саябақтар, сондай-ақ данғылдар, жасыл аумақтар құрсын;

Көркемөнер академиясы, Ғылым академиясы, Жазушылар одағы, Мәдени мұра агенттігімен бірлесіп Науаи қаласында бой көтеріп жатқан “Жана Өзбекстан” саябағында Әлішер Науаи мүсінін және “Хамса” дастандары тақырыбына арналған рәміздік қақпаларды орнату,

сондай-ақ мемориалдық мұражай құру шараларын қарастырсын;

Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі, Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі, Жазушылар одағы Ғылым академиясымен бірге жыл сайын жеке жоспар негізінде Әлішер Науаи шығармашылығына арналған шығармашылық кештер, байқаулар, кітап басылымдары мен тұсаукесерлер, ғылыми-әдеби конференциялар өткізсін. Осы шараларға студенттерді, шығармашылық жастарды, дарынды оқушыларды қатыстырып, оларды тиісті ынталандыру арқылы “Науаи облысы тәжірибесін” жолға қойсын.

6. Ғылым академиясы:

Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі Науаи облысы әкімдігімен бірге Науаи мемлекеттік университетінде 2025 жылдың 10-15 октябрі күндері аралығында **“Әлішер Науаидың ғылыми-әдеби мұрасының бүкіладамзаттың рухани-ағартушылық дамуындағы рөлі”** тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өткізуді қамтамасыз етсін. Мұнда халықаралық конференцияны өткізуге байланысты шығындар Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі мен Науаи облыстық әкімдігі тең үлеспен өтелуін белгілесін;

Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігі, Өзбекстан махаллалар бірлестігі, Жастар істері агенттігі Республикалық руханият және ағарту орталығымен бірге “Хәзірет Науаиды ұғыну — болмысымызды ұғыну” тақырыбында республикалық байқауды, сондай-ақ білім беру мекемелерінде “Науатану кештерін” ұйымдастырсын.

7. Жазушылар одағы, Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігі, Жоғары білім, ғылым және инновациялар министрлігі Науаи облыстық әкімдігімен бірге Әлішер Науаидың өмірі мен шығармашылығы, ол өмір сүрген дәуірдің ағартушылық-әдеби ортасы, ақынның ұстаздары, оның замандастары, ізбасарлары жайлы әңгімелейтін шығармаларды қайта басып шығарып, жоғары оқу орындарында Әлішер Науаи қолжазбаларының көрмелерін, сондай-ақ

шығармаларының тұсаукесерін өткізсін.

8. “Науаи тау-кен металлургия комбинаты” акционерлік қоғамының Әлішер Науаидың өмірі мен шығармашылық қызметіне арналған көркем фильмді қаржыландыру туралы ұсынысы мақұлданды.

Кинематография агенттігі 2026 жылдың соңына дейін науатанушы ғалымдардың, жетекші сценаристер мен режиссерлердің, актерлердің және сала мамандарының қатысуымен осы көркем фильмді жасау және оның салтанатты премьерасын ұйымдастыру шараларын қарастырсын.

9. Сыртқы істер министрлігі Республикалық комиссия бекітетін жеке жоспар негізінде Түркі мемлекеттері ұйымының Әлішер Науаи атындағы халықаралық сыйлығын шет мемлекеттерде кеңінен насихаттау жөнінде шараларды қарастырсын.

10. Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі, облыстар

мен Ташкент қаласының әкімдіктері Әлішер Науаидың өмірін, оның мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін, әлем әдебиеті мен өркениетінің дамуына қосқан зор үлесін халық, әсіресе жастар арасында, сондай-ақ кәсіпорындарда, ұйымдарда, еңбек ұжымдарында кеңінен насихаттауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырсын.

11. Өзбекстанның Ұлттық ақпарат агенттігіне, Өзбекстан Ұлттық телерадиокомпаниясына, Өзбекстан Ұлттық медиа бірлестігіне және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына Әлішер Науаидың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу және насихаттау бойынша жүргізіліп жатқан шараларды кеңінен жарыту ұсынылсын.

12. Осы қаулыда көзделген іс-шараларды қаржыландыру тиісті министрліктерге, кеңселерге және ұйымдарға бөлінген бюджет қаражаты, олардың бюджеттен тыс қаражаты және заңнамалық құжаттарда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылатыны белгіленсін.

13. Осы қаулының орындалуын бақылау міндеті Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі А.Н.Ариповке жүктелсін.

Кездесу



БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІЛУДЕ

Мемлекет басшысы тарапынан белгіленген міндеттер, саяси, әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ демократиялық дамудың ең маңызды және көкейтесті мәселелері бойынша ұлттық парламентке кезектегі, үшінші жолдаудағы белгіленген міндеттерге аяқ, жастардың бастамашылдығын арттыру, ұсыныс және дилігрілкітерін үйрену, оларды шешу, белгіленген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында “Басшы және жастар” кездесуі ұйымдастырылуда.

ұстасы А.Рузиев, 3-ТЖС-ның тоқары А.Жуманов, технологиялық үдерістерді автоматтандыру бойынша жетекші инженер, бағдарламашы Т.Туракуловтар өздерінің қызметі барысындағы дилігрілкітер мен кемшіліктер туралы баяндап, тиісті ұсыныстарды айтып өтті.

Кездесуде басқарманың басшысы С.Маназаров сөз сөйлеп, жас басшылар мен мамандарға өзінің ой-пікірін білдіріп, алдағы атқаруы тиіс мақсат-міндеттері



Жана Өзбекстан өмірінің барлық салаларында дәйекті түрде жүзеге асырылып жатқан жұмысшы реформалар, ғылым-техника өркениеті және инновациялық қоғамға деген күшті қажеттілік жастар үшін көптеген мүмкіндіктерді беруде. Айта кетерлік жайт, еліміз тұрғындарының 30 пайызын 14 жасстан 30 жасқа дейінгі жастар құрайды. Соның ішінде 30 жасқа дейінгі 11 мыңнан астам жас буын өкілін біріктірген Алматы кен-металлургия комбинатының өндірістік кәсіпорындарында да “Басшы және жастар” кездесуін өткізу дәстүрге айналды. Сондай шаралардың бірі Өндірістік теміржол транс-

порты басқармасында өтті. Қазіргі кезде бұл басқармада еңбек етіп жүрген 2 500-ден астам жұмысшы қызметкердің 800-ге жуығын 30 жасқа дейінгі жас буын өкілі құрайды. Олардың 24-і инженер-техникалық қызметкер, ал 18-і басшылық лауазымда жұмыс істейді.

“Басшы және жастар” кездесулерінде сөз сөйлеген жас басшылар 2-теміржол цехы басшылығының сыртқы логистика бойынша орынбасары Д.Пардаев, Транспорт және жанылғы май материалдары бақылау бөлімінің басшысы Ж.Турдалиев, қоршаған ортаны қорғау бөлімінің инженері Г.Алматов, 3-ТЖС-ның

не тоқталды. Сондай-ақ жастардың жақсы басшы, жақсы маман болуындағы көзқарасы мен ұсыныстарын тілге тиек етті.

Шынында да, жедел өзгеріп жатқан бүгінгі жастарға жылдам қаулы қабылдау, инновациялық ой-сананы қалыптастыру, интеллектуалдық әлеуетті арттыру сынды талаптарды қоюда. Мұндай көкейтесті мәселелерді онды шешу, жастарды ынталандырып, оларға мотивация беру “Басшы және жастар” кездесуі сынды шараларда өз көрінісін табады.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Маңызды жоба

ЖАС ШЫҒАРМАШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ

Шығармашылық — адамның ой-өрісін тереңдетіп, дүниетанымын кеңейтеді, жеке тұлға ретінде қалыптасуына қызмет етеді. Қоғамның дамуында мәдениет, әдебиет және өнер аса маңызды рөл атқарады. Сондықтан да жас ұрпақтың шығармашылық әлеуетін арттыру, олардың әдебиетке деген қызығушылығын ояту, зиялылық қасиеттерін қалыптастыру — басты міндеттеріміздің бірі.

Осы мақсатта Сіргелі ауданындағы №301 мектепте Республикалық руханият және ағарту орталығы Сіргелі аудандық бөлімінің ұйымдастыруымен “Жас шығармашылар” жобасының алғашқы кездесуі өтті. Аталмыш шараға Республикалық руханият және ағарту орталығы Сіргелі аудандық

бөлімінің басшысы Г.Худайберганаева, мектеп мұғалімдері және түрлі білім беру мекемелерінен келген дарынды оқушылар қатысып, жобаның алдағы уақытта тиімді нәтижелерге қол жеткізетініне сенім білдірді.

“Жас шығармашылар” жобасы жас ұрпақ үшін жан-жақты



маңыздылыққа ие. Атап айтқанда, жоба негізінде жастар түрлі өлеңдер жазу, хикая немесе эссе құрастыру арқылы әдеби әлеуеттерін, тікелей тәжірибелік сабақтарға қатысу

арқылы біліктіліктерін арттырады, танымал ақындармен, жазушылар және әдебиет сыншыларымен кездесулер оларды шығармашылықпен одан әрі айналысуға, жаңа туындылар

жазуға шабыттандырады, сондай-ақ жоба аясындағы ғылыми зерттеулер барысында жеке ғылыми ізденістеріне негіз қалайды. Сонымен қатар бұл жоба жастардың ойлау

қабілетін дамытып, махаббат, адалдық, отансүйгіштік сияқты қасиеттердің мәнін ұғындырады.

Мектепте өткен шара аясында үйірме мүшелері әдебиетпен, әсіресе поэзия әлемімен жақыннан танысты, өз ана тіліне деген сүйіспеншіліктері арты. Олар өлең жазу техникасы, үйқастыру тәсілдері мен әдеби образ қалыптастыру өнерінің нәзік тұстары жайлы нақты мәліметтерге ие болды. Өлең жазу үдерісі тек ақындық шеберлік пен тума таланты талап етумен шектелмей, көптеген тәжірибе мен теориялық білімді де қажет ететіні ерекше атап өтілді. Сондай-ақ алдағы кездесулерге танымал ақындар мен жазушыларды шақырып, олармен шығармашылық сұхбаттар ұйымдастыру жоспарланғаны айтылды. Бұл жас шығармашылардың теориялық білімін тереңдетіп қана қоймай, сала мамандарынан тәлім алу, олармен тікелей тілдесу, шабыттану және бір-бірінің ой-өрісімен бөлісу мүмкіндігін ұсынады. Мұндай кездесулер жастардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын дұрыс қалыптастырады, сондай-ақ болашақта шынайы әдебиет жана-

шырлары мен қаламгерлер ретінде өсіп-жетілуіне жол ашады.

Осылайша, жобаның алғашқы кездесуі оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оларды жастайынан шығармашылық алаңында белсенді болуға жігерлендірді. Алдағы уақытта үйірме мүшелері түрлі тәжірибелік және шеберлік сабақтарға, әдеби жобаларға белсене қатысу мүмкіндігіне ие екені айтылды. Мұндай жобалар жас дарын иелерінің кемелденуіне ғана емес, рухани ортамыздың қалыптасуына да берік негіз қалап бермек.

Қорыта айтқанда, “Жас шығармашылар” жобасы арқылы біз қоғамымыздың рухани биіктеуінде маңызды рөл атқаратын саналы ұрпақты тәрбиелейміз. Себебі әдебиет, мәдениет және өнер — адамның санасын байытып, терең ойға ие жоғары талғам иесі болуына септігін тигізетін маңызды құрал. Осы мақсатты көздеген “Жас шығармашылар” жобасы алдағы уақытта өз жемісімен қуантатынына сенімдіміз.

Әлия ӨБДІРАХМАНОВА,
“Нұрлы жолдың” тілшісі.

Астанада не жаңалық?

ҚОЛӨНЕР – ЖҮРЕКПЕН ЖАСАЛҒАН ӨНЕР

Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде “Хунарманд” бірлестігінің “2024 жылғы қолөнершілікті дамыту барысында жүзеге асырған жұмыстары және 2025 жыл жоспарлары” тақырыбында баспасөз конференциясы өтті. Оған “Хунарманд” бірлестігінің басшылары, қолөнершілер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Өзбекстанның барлық аумақтарында өзіне тән қолөнершілік мектебі қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа жетуде, атап айтқанда, ағаш ою, тоқымашылық, сазгерлік, зергерлік, тағы басқа да формалардың әрбірі мыңдаған жылдық тарихқа, шығармашылық мектеп пен дәстүрлерге, танымал өкілдеріне ие.

Өзбекстандық шеберлер дайындаған көптеген көркем өнер және қолданбалы өнер өнімдерінің бүгінге дейін әлемдегі әйгілі мұражайларда сақталуы олардың әлем халықтары тарихында үлкен маңызы бар екенін көрсетеді.

Сонғы жылдары еліміздегі қолөнершілер саны 7 есеге, ал

шәкірттер саны 9 есеге артып, өз саласында қызмет етіп жүргендер 230 мыңды құрауда. Олардың көпшілігі танымал әулеттің жалғастырушылары болып, көне дәстүрлерін заманауи стильдермен үйлестіріп, саланың дамуына лайықты үлес қосуда.

Қолданбалы өнер түрлерін қайта тіктеуге бағытталған іс-әрекеттердің нәтижесінде бастапқыда іс жүзінде болған 25 өнер түрлерінің саны 34-ке дейін өсті, ал бүгінде 43-ке артты.

Бірлестік мүшелеріне, табысы аз және жұмыссыздарға, сондай-ақ мүгедектігі болған 19,4 мың азаматқа 18,3 миллиард сум субсидия бөлінді.

Өзбекстанның шетелдегі елшіліктері мен өкілеттіктерінің қолдауымен ТМД, Еуропа және АҚШ мемлекеттеріне қолөнер, кесте тігу, ағаш ою, зергерлік, кілем тоқу бойынша 2024 жылы жалпы 15,2 миллион АҚШ доллары көлемінде өнім экспортталды.

Әлемде мәдениет және туризм саласында еліміздің имиджін арттыру, әлеуметтік-мәдени салада шетелдермен өзара байланыстарды дамыту мақсатында республика бойынша жалпы 15 халықаралық, 1 мың 993 жергілікті шара өтті.

Сонымен қатар өткен үш жылда 21 шетелде өткен 37



фестиваль, көрме және жәрмеңкеге 541 қолөнерші қатысқан.

Тағы бір маңызды бағыт — халық қолөнершілігі мен шығармашылық дәстүрлері қаржыны дамыған қалалар мен аудандарда қолөнершілікті дамыту орталықтары құрылады.

Сонғы жылдары мемлекет басшысының бастамасымен әйелдерді жан-жақты қолдау қуаттауға, соның ішінде оларға кәсіпкерлікті, қолөнершілік қызметті ұйымдастыруға үлкен көңіл бөлінуде.

Атап айтқанда, республиканың шалғай аудандарында 29 қысқа мерзімді тегін оқыту курстары ұйымдастырылып, оларда әлеуметтік көмекке мұқтаж 306 әйел ұстаз-шәкірт дәстүрі негізінде өнер үйренді.

Бұдан тыс, министрліктермен, кенселермен және жергі-

лікті әкімдіктермен ынтымақтастықта 6 халықаралық, 22 республикалық және 158 облыс көлемінде көрмелер, жәрмеңке және фестивальдар өткізілді. Ал ішкі істер министрлігімен бірлесіп, 388 оқу курсы ұйымдастырылды, онда 8,4 мың сотталғандарға қолөнер үйретілді.

2025 жылы әйелдердің қоғамдағы белсенділігін арттыру, әлеуметтік көмекке мұқтаж әйелдерді материалдық тұрғыдан қолдау-қуаттау және жұмыссыз әйелдерді жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасына сәйкес, “Хунарманд” бірлестігі республикалық көлемде 12 мың 402 қолөнершіге 96 мың 307 әйел қолөнер үйрету үшін біріктірілді.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Тағылым

ШЫҒАРМА ЖАЙЛЫ КӨЗҚАРАС

Адамзат тарихында Өлішер Науаидың шығармашылығына тек Шығыстың ғана емес, Батыс әлемінің қызығушылығы да үлкен. Науаи ғазелдері өз оқырманын, көңілі әсем мәдениет өкілдерін әрдайым шығармашылыққа, тарихты үйренуге, тіл үйренуге, құндылықтар мен дәстүрлерді қадірлеуге жұмылдырып келеді.

АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕР ПАЙДАСЫ МОЛ



Ловия ағзадағы 300-ден астам реакциялар, сондай-ақ зат алмасу үшін маңызды. Әлбетте, зат алмасу сүйектердің беріктігі мен қаттылығын қамтамасыз етеді. Денсаулықтың максималды пайдасы үшін ұсынылатын доза аптасына үш порция немесе күніне жарты кесеңі құрайды.

Сонымен қатар ловия егілетін алқаптар құнарлы болуы керек, тұзды, арық, қышқыл, жеңіл сазды топырақтар оған жарамайды. Бұршақ органикалық және минералды тыңайтқыштарды көп сіңіреді. Атап айтқанда, калий тыңайтқыштарын қолдану өнімділікті айтарлықтай арттырады. Күзде бұршақ егілген алқаптарға 90-120 килограмм фосфор, 8-10 тонна көн шашылады. Егумен бірге 30 килограмм азот тыңайтқышы беріледі.

Нитрагинсіз егілсе, егумен бірге 40-45 килограмм азотты тыңайтқыш беріледі. Нитрагинмен қатар азот тыңайтқыштарын берудің қажеті жоқ. Оның тұқымы негізінен топырақ температурасы 14-15 градустан жоғары болғанда себіледі немесе қайта егін ретінде де егу жақсы нәтиже береді. Топырақта ылғал жеткілікті болса, тұқым-

дар қайта екенде 3-4 күнде, көктемде отырғызғанда 5-6 күнде өніп шығады.

Өсімдікті күн шуақты жерлерде отырғызған дұрыс. Өйткені күн тік түссе тұқымдағы ақуыздың мөлшері жоғары болады. Егуге арналған тұқымдар ірі, сау және тұқым шаруашылығының талаптарына сай болуы керек. Отырғызар алдында тұқымдар азотпен өңделуі керек. Егу нормасы гектарына ұсақ тұқымды бұршақ үшін 50-55 килограмм, ірі тұқымды сұрыптар үшін 90-100 килограммнан бір гектарға жұмсалады.

Тұқым ені 60 немесе 70 сантиметр кең қатарларға себіледі. Егу тереңдігі 4-5 сантиметр, ұсақ тұқымдар ылғалдылық жеткілікті болған топырақтарда 3-4 сантиметр, ірі тұқымдар 5-6 сантиметр тереңдікте себіледі. Қатараралығын 2 метр өңдеп, тыңайтқыш береді де, бірінші азықтандыруды алғашқы үш жапырақ пайда болған кезде, ал екінші азықтандыруды гүлдену кезеңінің басында жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ақпарат қызметі.

Әзірет Науаидың “кемел адам тәрбиесіне” тиісті философиялық көзқарасы мен мақсаты оның еңбектеріндегі ақылықты, рухани мазмұнын айқын белгілеген.

Әдеп және ақылақ өздігінен туындайтын үдеріс емес. Бұл үдеріс кен ауқымды қамтып, өзінде бірқатар әлеуметтік-рухани көріністі жинақтайды, руханият жүйесіндегі салалармен жақын байланыста болады. Адамды адам ететін негізгі сапасы мен қасиеті бұл оның көңілі, ақылақтық қасиеті саналады. Әдеп-ақылаққа ие болу үшін әлеуметтік нормаларға ие болу тиіс.

Әзірет Науаидың “Насойим ул-мухаббат” (Махаббат желі) еңбегі 1495-1496 жылдары Абдурахмон Жомидың “Наfoxат ул-унс” шығармасының әсерімен жазылған. Онда 770 шейхтың өмірінен үзінділер келтірілген. Шейхтармен байланысты

үзінділердің 79-да патшалар туралы түсініктер берілген. Онда Науаи әділет, ақиқат, зорлық-зомбылық, ең күрделі қажеттілік — шындықты ұғыну қажеттілігі жазылған. Абдурахмон Жомидың еңбектеріне сыни көзқараста болған Науаи шығармада Жоми, Лутфи, Ашраф Муфлиси, Шейх Санон, Насыр Хис-рав, Насими, тағы солардың қатарында Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани сынды түрік ғұламалары жөнінде мәлімет береді. Науаи еңбектеріне қосымша етілген тұлғалардың тек сопылық көзқарастарды ғана жарытып қоймай, әдебиет және қоғамдағы орнын белгілеуге де баса назар аударған.

“Насойим ул-мухаббат” еңбегінде негізінен ғұламалардың бұрынғы істері шариғат негізіндегі ізгі амалдарға жүгіну қажеттілігі жөнінде тоқталады.

Бұл шығармада адамның көңіл көзі, жан сұлулығы жөнінде айтылады. Жан сұлулығы — бұл ішкі әсемдік саналады. Жан сұлулығы өздігінен адамды одан әрі шырайландыра түседі. Жан сұлу болуы үшін адамдағы



басқаларды көре алмаушылық, жала жабу, балағаттау, уақытты босқа кетірмеу, өзгелерді күнәсі үшін келеке етпеу, нәпсі, материалдық байлыққа ден қою сынды кері қасиеттерден арылуды көздейді.

Жан сұлулығы негізінен жеке тұрғыдан даму және мәдени қадір-қасиет негізінде туындайды. Ол алдымен мейрім-шапағат сезімдерінде көрініс табады. Ал мейірім-шапағат Жаратқанға, оның адам баласын берген нығметтеріне, ата-анаға, Отанға, дос-жаранға, әйелдерге, перзенттерге деген сүйіспеншілікте, аға-інімен тату-тәтті болуда көрініс табады. Махаббатсыз адамда береке болмайды. Өмірде кейбір адамдар болады, білімі де жоғары, бірақ әңгімелескенде жан сұлулығы, махаббат сезімдерінің жоқтығына іштей ренжисін. Бұл жөнінде Әзірет Бахауиддин Накшбандидың еңбектерінде: “Адамды бүкіл дене бітімін толық, таза ететін нәрсе бұл — көңіл” деген. Көңіл таза болса, адам баласы бақытқа қол жеткізеді. Адам махаббаты болуы үшін алдымен өзіндегі жек көру, ұнатпау сынды әдеттерді жоюы тиіс.

Жан сұлулығының да әртүрлі көрінісі бар. Қарапайым дұға жасауда кей адамдардың қолы дұғада болғанымен, ойы басқа жақта болады. Көңілдерде де кіршіксіз көңіл мелері бар. Яғни шынайы көңілмен, ықыласпен дұға жасау қажет. Егер шын көңілден емес, тек әдемі, ұйқасқан сөздермен ғана шектелсе, дұғаның орындалмауы мүмкін. Онда әрине, алдымен тыныштықты, ата-ананың, перзенттердің денсаулығын, тағы басқа да жақсылықтарды ықыласпен сұрау да адамның жан сұлулығы, көңіл сарайының кендігін көрсетеді.

Жалпы, шығармадағы әрбір хикаятта адамның жаратылысқа деген сүйіспеншілігі, өмірде әрбір нәрседен жақсылықты көре білуі, бір сөзбен айтқанда, адамның өлшеусіз адамилық қасиеттері бейнеленген.

Бұл хикаяттарды терең түсіну және талдау тек Шығыс әдебиетінің өзіндік дәстүрлерін, ұлы ғұлама ғалым Әлішер Науаидың рухани әлеміне, дүниетанымына тән маңызды жақтарды да кен түрде талқылауға мүмкіндік береді.

Шохида МИРАХМЕДОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университеті гуманитарлық пәндер факультетінің оқытушысы.

Кәсіпкерлік — заман талабы

КӘСІПКЕР ӘЙЕЛДЕР АПТАЛЫҒЫ

Өзбекстан Сауда-өнеркәсіп палатасы және бастамашылық кәсіпкер әйелдер ынтымақтастығында Қарақалпақстан Республикасында Президент тарапынан кембағалдықты қысқарту бойынша белгіленген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету, кәсіпкерлікпен шұғылдануды ниет еткен қыз-келіншектерге қаржылық көмек көрсету, оларды шағын технологиялармен қамтамасыз ету, тәжірибелі кәсіпкерлермен пікір алмасу мүмкіндігін жарату, кооперация негізінде халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету мақсатында “Кәсіпкер әйелдер” апталығы өткізілді.

Апталық шеңберінде гүл өсіру, зергерлік, тоқымашылық, тігіншілік, кондитерлік өнімдер шығару, кестешілік, омарташылық сияқты 15-тен астам бағытта шеберлік сабақтары ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, “Өзбекстанға еңбегі сіңген кәсіпкер” Шарапат Нуриева кәсіпкерлік жұмысындағы жетістіктері жайлы әңгімеледі. Қаржы мәселелері бойынша белгілі сарапшы Шохида Ибрагимова Нөкіс қаласы мен Шоманай аудандарында болып, бизнес-тренингтер өткізді. Хожейлі ауданында “Кәсіпкер әйелдер бағы” ашылды.

Апталық шеңберінде республикамыздың барлық аумақтарынан 250-ден астам кәсіпкер және 600-ден астам бизнес бастау ниетіндегі қыз-келіншек қатысып, кәсіпкерлермен өзара тығыз байланыс жаратылды.

Бұқаралық кәсіпкер Назира Рузимова Тақиатас ауданы “Наймәкөл” ААЖ-да жасайтын 20-дан астам қыз-келіншекке балара өнімдерін даярлау және жетістіру бойынша үй жағдайында табыс табуға

бағытталған шеберлік сабағын өткізді. Кәсіпкер аумақтағы З.Гөнебаева және З.Қоңқароваларға біреуден балара құтысын тапсырып, болашақта өзара ынтымақта тәжірибе алмасып жәрдем беретінін атап өтті.

Сондай-ақ аудандағы “Нұрлы келешек” МАЖ-да самарқандтық кәсіпкер Ложайлы Әнгімеледі. Қаржы мәселелері бойынша белгілі сарапшы Шохида Ибрагимова Нөкіс қаласы мен Шоманай аудандарында болып, бизнес-тренингтер өткізді. Хожейлі ауданында “Кәсіпкер әйелдер бағы” ашылды.

Апталық шеңберінде республикамыздың барлық аумақтарынан 250-ден астам кәсіпкер және 600-ден астам бизнес бастау ниетіндегі қыз-келіншек қатысып, кәсіпкерлермен өзара тығыз байланыс жаратылды.

Бұқаралық кәсіпкер Назира Рузимова Тақиатас ауданы “Наймәкөл” ААЖ-да жасайтын 20-дан астам қыз-келіншекке балара өнімдерін даярлау және жетістіру бойынша үй жағдайында табыс табуға

Гүлсара НИЯЗОВА, Қарақалпақстан мемлекеттік Көркемөнер және Мәдениет институты Нөкіс филиалының студенті.

Жаңалықтар

ШІЛДЕДЕ ҚҰЛПЫНАЙ ПІСТІ

Қаракөл ауданындағы “Хожалар” махалласында жасайтын Рахматулло Очилов қыста да құлпынай жетістіру мүмкін екенін өз тәжірибесінде көрсетті.

— Әлеуметтік желілер арқылы Корея технологиясы негізінде құлпынай жетістірудің сырларын үйреніп, 2023 жылдың кешкі күз айларында 3 сәтік алаңға жылыжай құрған едік, — дейді Рахматулло Очилов. — Әрине, басында қинадық, бірақ артка шегінбей, жанұямызбен қатты еңбек етіп, гидропоника тәсілімен жетістірген құлпынайларымыз декабрь айында пісіп жетілді. Алғашқы “әрекетте” дерлік 23 миллион сумдық өнімді базарға шығарып сатып, қомақты табысқа қол жеткізгенбіз.

Диқанның айтуынша, бұл маусымда тағы да көбірек пайда алуды көздеуде. Өйткені жылыжайға өнімділігімен және базарда өтімділігімен ерекшеленіп тұратын “Албион” сұрпы егілген. Оның әрбір түбі бір жарым килограмға дейін жеміс береді. Қазіргі уақытта құлпынай миуалары теріліп, килограм орташа 200 мың сум шамасында сатылып жатыр.

БИРЖАҒА ҚОЙЫЛАДЫ

Мақта жетістіру және қайта өңдеуде қосымша базар механизмдерінің енгізілуі белгіленді. Соған орай, үстіміздегі жылдан бастап кластерлер талап пен баға ұсынысын биржаға қояды, ал фермерлер өзіне мақұлын таңдап, фьючерс келісімшартын түзеді.

Женілдікті несие алмай, өзі мақта жетістірген фермерлерге биржада сатқан мақта-сының 10 пайызы мөлшерінде субсидия беріледі.

Женілдікті несиеден жыл-

дың соңына дейін толық қайтарған фермерлерге несие-нің 4 пайызы қайтарып беріледі. Оларға несие пайызы іс жүзінде 10 пайыздан 6 пайызға түседі.

МАУСЫМҒА САҚАДАЙ САЙ ТҰР

Қазір ауыл шаруашылығы техникаларын көктемгі дала істеріне әзірлеудің дәл уақыты. Мұны жақсы білген “Бухого Agrocluster” мақта-тоқымашылық кластерінің ұжымы осы жұмысқа ерекше құнтпен жанасады.

Қазіргі уақытта “Работохун” махалласында орналасқан кластердің “Бухоро Агропарк” орталығындағы қолданыстағы ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу істері дерлік аяқталуда. Бүгінге дейін шабық тракторлары, культиваторлар, шит егу сепкіштері жөндеуден шығарылды. Яғни, ескі қосалқы бөлшектер, жарамсыз болып қалған детальдар жанасына алмастырылды, анықталған кемшіліктер жойылды. Техникалық жағдайына қарай кейбіреулері боялды.

(Өз тілшімізден.)

Жақсы адам — Жаратқанның сыйы

ЕСІМІ ЕҢБЕГІМЕН ЕЛЕНГЕН

Күллі қадірменді қауым үшін аса құнды да қасиетті кітаптарда мына өтпелі өмірдегі өзекті жанның негізгі міндеттерінің бірі — ізгі істер істеп, жақсылықтың жаршысы болу керектігі жөнінде жиі айтылады.



“Адамдардың жақсысы — адамдарға пайдалысы” деп қасиетті хадисте жазылғандай, жақсы адам қай заманда, қай қоғамда болмасын, елдің ырысы мен берекесі, жақсылық жасаудың ұйытқысы болып келген.

Жұмыр жер жаратылғалы бері жер жүзінде жасап келе жатқан есті кісінің басты мақсаты — бақытты болу болса, адам сол бақытқа басқаларға жақсылық жасау арқылы ғана жетіп отырады.

— Жүзтіңк өзінен де көзі қымбат, Ақынның сыйынан да сөзі қымбат. Қанша ұзақ жасаса да ер жігіттің, Еліне себі тиген кезі қымбат, — деп ақын жырлағандай, кез келген адам өмірінің мәні де, маңызы да — адамзатқа сіңірген елеулі еңбегімен еленеді.

Ал жақсылардың жақсылығын ескеріп, оларға деген ризашылығымызды ауыздағы сөзбен де, амалдағы іспен де білдіре жүрсек, олдағы адамдықтың алтын парзы, елдігіміздің ерен үлгісі болмақ.

...Өткен жылдың декабрь айының суық та салқын соңғы күндерінің бірін де бұдан бірнеше жылдар бұрын ата

жұртқа ат басын бұрып, кете барған ауылымыздың аса сыйлы ағасы біздің үйде қонақта болып еді. Қашан да жүрген жеріне шуағын шаша жүретін ағамыз бұл жолы да әдетінен адаспай, қолындағы қоржынын қалың кітаптармен кампитып келген екен.

Дастарқан басында өрбіген өзекті әңгіме барысында айтқан әдемі әзілі де, домбырамен әуелеткен әсем әні де сондай жарасымды ақынжанды ақжарқын ағамыз, өзімен ала келген кітаптардың мазмұнымен де қысқаша таныстырып отырды.

Сондағы менің ұқаным — Өзбекстанда туып-өсіп, оқуды ойдағыдай бітірген соң, еңбекке етене араласып жүрген сонау кеңестік кезеңнің әбден кемеліне келген кезінде-ақ (1975 ж.) атажұртқа оралып, ол жақта да аянбай еңбектенуінің арқасында елдің ықыласына, биліктегілердің назарына ілігіп, басшылықтың биік белестерін бағындыра білген Қазақстанның қоғам және мемлекет қайраткері, елге есімі танымал меценат — біздің жерлес, абзал жанды ағамыз Анарбек Оңғарұлы Орманның өнегелі өмірі мен өскелең ұрпаққа бөліскен ойлары туралы жазылған “Парасат биігі” (2008 ж.) және “Өз жайымды өзім айтсам деп едім...” (2022 ж.) атты көпшілік оқырман қауымға арналған тағылымы мол, тәрбиелік мәні терең кітаптары екен.

Сырттай атына құлағым қанық менің екі ел тұрғындары өмірінің өзгеріп, тұрмыстарының тіктелуіне тікелей септігі тиген жаны жомарт, кісілік келбеті көркем осы аға туралы ойымды ортаға салу пікірі — кітаптарды ынтамен оқып, туған топырағы — Ақтөбе ауылына аялдап, сондағы ағайынмен араласқан соң пайда болып еді.

Анарбек Оңғарұлы Орман 1952 жылдың 25 августында Ташкент облысының Пискент ауданындағы Ақтөбе елді мекеніндегі педагог отбасында дүниеге келген. Ауылдағы орта мектепті бітірген соң, алғашқы еңбек жолын 1970 жылы Ташкент Су арнасы тресі моторисінен бастайды. Өндірістен қол үзбей



жүріп, 1974 жылы Ташкент политехника институтының кешкі бөлімін “Сумен жабдықтау және канализация” мамандығы бойынша бітірген соң, бас инженер қызметімен жалғастырады.

1975 жылдың басында атажұртқа оралып, алғаш Алғабас аудандық коммуналдық кәсіпорындар комбинатының басшысы болады. Сол жылдың көктемінде Шымкент қаласына келіп, қалалық су арнасы басқармасында аға инженер, бас инженер қызметімен жұмысын жалғастырады.

Өзінің іскерлік қабілеті мен жұмысты ұтымды ұйымдастыра білетін басқарушылық қасиетінің арқасында ұжымның және жұртшылықтың алғысына бөленіп, қала, облыс билігінде отырған басшылардың назарына түсті.

Басшылық лауазымдарда алғаш Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, кейіннен екі рет Шымкент қаласы әкімі және Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары лауазымдарында қызмет етіп, ел үкіметінің сенімін ақтады. Оңтүстік өңірінің еңсесін тіктеп, өркен жаюына аянбай қызмет ете білді. Шымкент қаласының шын мәніндегі шыршайлы қалаға айналуына оның абақтауы мен көгалдандырылуына көп еңбек сіңірді. Сол жылдары қалада көптеген салада өндіріс орындары ашылып, шетелдік инвесторларды тарту арқылы жаңадан кәсіпорындар көбейді, қала тұрғындары тұрақты жұмыспен қамтылды. Тозығы жеткен жолдарға асфальт төселіп, жарық жүргізілді, көгілдір отынмен, таза ауызсумен қамту жұмыстары жедел жүргізілді. Көшелер бойына гүлдер егіліп, ағаштар отырғызылды. Жасыл желекке оранған демалыс парктері ашылып, тұрғын үйлермен халықты қамтамасыз ету жұмыстары орындалды. Қала көшелері мен түрлі мекемелерге қазақ батырлары мен қайраткерлерінің есімдері беріліп, қазақ тіліндегі балабақшалар мен мектептер саны күрт көбейді.

Анарбек Оңғарұлының ел үшін емірене еткен еңбегі ел үкіметі тарапынан лайықты ескеріліп, “Құрмет”, “Парасат”, “Достық” ордендерімен марапатталды. Оңтүстік Қазақстан облысы мәслихат депутаты, “Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген құрылысшы”, Шымкент, Түркістан қалаларының, Түркістан облысының, Бәйдібек, Сарыағаш, Түлкібас, Сайрам аудандарының, сонымен қоса Шығыс Қазақстан облысының, Зайсан, Тарбағатай аудандарының Құрметті азаматы атағын иеленді.

“Жақсы адам жанашыр келеді” дегендей, Анарбек ағаның бойындағы тағы бір жақсы қасиеті — қаржылық қиындық көрген талантты шығармашыл адамдарының туындыларын баспадан шығарып, елге таралуына демеушілік жасап келе жатқан дархан мінезді қайырымдылығы.

Туған жерін тұғырым деп білетін ағамыз туған топырағы — Пискент ауданындағы Ақтөбе ауылына жыл сайын келіп, ата-аналары мәңгілік қоным тапқан қорымдағы марқұмдарға Құран бағыштап, ауылдағы ағайынның басын қосқан қайырымдылық шараларды ұйымдастырып тұрады.

Бұдан бірнеше жыл бұрын ауылға кіре берістегі бос жерге белсенділердің бірігіп жиналыс өткізетін залы, ақсақал қариялардың ғибадат ететін үлкен бөлмесі бар ғимарат тұрғызды. Орман ата атындағы сәндене бой көтерген сәулетті де зәулім мұражай құрды. Мұражайдың жанынан ауыл жастары үшін заманауи мини футбол алаңын салды. Әкесі Оңғар ағай ұзақ жылдар мұғалім болып, басшылық жасаған орта мектепке спорт жиһаздарын, компьютер құрылғыларын табыстады. Ауылдағы көмекке мұқтаж ағайынға қайырымдылық көрсетіп келеді.

“Адам ұрпағымен мәңгі жасайды” демекші, бүгінде Анарбек аға өмірлік жары Гүлнар апаймен ұлағатты ұрпақтарының ортасында қуана жүріп, олардың бар қызығын бірге бөлісіп, ұзақ жылдық табысты да жемісті бейнеттерінің зейнетін көрумен келеді.

Ортаға салған ойымды түйіндей келе, ерен еңбегімен еленіп, тектілігі тірлігінен танылған көркем мінезді көкемізге деген інілік ілтипатымды өршіл рухты ақынның ер өлеңімен қорытқым келеді:

— Төбелер көп өмірде, ал биіктер санаулы,
Ұнатады ел соңдықтан биікке көп қарауды.
Шымыштықтар көп өмірде, ал сұңқарлар санаулы,
Санаулы олар, соңдықтан жалғыз жұртқа қалаулы.

ӨБДІСАБЫР ЖИДЕБАЙ,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі, Құйышыршық ауданы.



Жыр-шашу

СӨЗ МҮЛКІНІҢ СҰЛТАНЫ

Жырынан жанға дәру табам ізгі,
Кесек сөзі жаңғыртар санамызды.
Бес жүз сексен төрт жасқа толып жатқан,
Ұлықтайық Әлішер бабамызды.

Салмақты сөзі иіткен емендерді,
Осы өлеңім дей алмайм көп өңделді.
Елі үлгі етеді шайырым деп,
Әлішер Науаидай кемеңгерді.

Жырға сезім оянып жастарымда,
Сөз өрбітті еліктеп асқар ұлда.
Науаи жазып кеткен жыр газалдың,
Мағына толып жатыр астарында.

Жаураған тәнім жырдан жылып қалған,
Сенім болса жалғайды үмітті арман.
Қайта-қайта қайталап оқи беріп,
“Хамсасы” санамызға сіңіп қалған.

Негізі ғалым дейді хаты анықты,
Жырын сүйген халқын бата алыпты.
Мір Әлішер Науаи мойындалып,
Сөз мүлкінің сұлтаны атаныпты.

Сусындаған қандырып жырға бізді,
Өлеңін нәсерлетіп қырға ағызды.
Ұлықтайық ғасырда қайталанбас,
Әлішер Науаидай тұлғамызды.

БІРТУАР АҚЫН АҒА

Жүрегімен жыр жазған санасынан,
Қолдау күткен ерекше Алашынан.
Туылған Мұқағали Мақатаев,
Тоғызыншы ақпанда анасынан.

Бағалайды жас ұрпақ өр еңбегін,
Рас жырға жылынып бөленгенім.
Бой шымырлап кетеді аласұрып,
Оққан кезімізде өлеңдерін.

Сезінгенге сезілер сырларың ба,
Ағызға болмайды жырды ағымға.
Әлі дағы соғып тұр ет жүрегің,
Жанарға жас үйірген жырларыңда.

Өзі болды сұңқардай баптағаны,
Оның жыры мәңгілік жатталады.
Біртуар Мұқағали бұл өмірден,
Қырық бесінде келмесе аттанады.

Дәуірінің орнатқан ту басына,
Ажал оның келген жоқ қу басына.
Өксік тартып қынжылам Мұқағали,
Мақатаев қайтадан тумасына.

Тұрсын ТҰРДЫБЕКОВ,
Науаи облысы, Тамды ауданындағы №13 жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің оқытушысы.



Ақиық ақын

АҚЫН ЖАДЫ МӘҢГІЛІК

Бәрімізге белгілі, биыл ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туғанына 94 жыл толып отыр. Соған орай Жоғарышыршық ауданы, Иік ата ауылындағы №23 мектептің 9-сынып оқушылары мен ұстаздарының ұйымдастыруымен ақынның 94 жылдығына арналған әдеби кеш өтті.

Оқушылар әдеби кеште М.Мақатаевтың өмірбаянын таныстырып өтті. Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев (Азан шақырып қо-

йылған аты — Мұхаммедқали) — қазақтың лирик ақыны, мұзбалақ ақын, өз заманында лайықты бағасын ала алмаса да өзінен

кейінгілер үшін мәртебесі биік ақиық ақын атанған. Ол 1931 жылы 9 февральда Алматы облысы, қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданының Қарасаз ауылында дүниеге келген. Ақынның туған күні жөнінде екі түрлі ақпарат бар. Әкесі қарапайым шаруашы: колхозда сушы, шалғышы болып істеген. Мұқағали үйдің тұңғышы болған, оның артынан бір қыз және үш ұл туылған. Ақынның қарындасы мен алғашқы інісі ерте көз жұмған. Соңғыларының есімдері — Тоқ-

тарбай мен Көрпеш. Қазақ дәстүрі бойынша үйдің алғашқы баласы ата-әжесінен тәрбие алуы тиіс, сондықтан Мұқағали әжесі Тиынның қолында өсіп, анасын жеңгесіндей қабылдайды. Балалық шағы соғыспен қатар өткендіктен, Мұқағалидің әкесі 1941 жылы Калининград майданында қаза табады. Ақын тағдырдың ащы дәмін ерте татады.

Қазақ поэзиясында үлкен қолтаңба қалдырған М.Мақатаевтың өлеңдерін білмейтін қазақ жоқ шығар, сірә?! Солардың ішін-

де “Саржайлау”, “Есіне мені алғайсың”, “Сенің көзің” деген әндерін естімеген қазақ жоқ-ау. Оқушылар М.Мақатаевтың “Есіне мені алғайсың” өлеңін оқыды. Шығармалары өзбек, қырғыз, тағы басқа тілдерге аударылып, оның әндерін орындап, танылып отырған әншілер де жоқ емес.

Ақынның деп қалай мен айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күні киеін қазақтың қара өлеңін,
Шекпен жауып өзіне қайтарамын, —
демекші ақын 1976 жылы Алматы қаласында дүниеден өтті.

Әдеби кеште ақын жайлы басқа да деректер айтылып, оқушылар Мұқағали Мақатаев жайлы қызықты мәліметтерге ие болды.

Алмагүл ТОЙБАЕВА,
Жоғарышыршық ауданы.

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырындағы Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санмен тіркелген. Оффсеттік басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығады. Таралымы — 3684

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылдапбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция қозғармасымен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімісіз көшіріп басуға болмайды.

ISSN 2010-6343

9 720 010 634 001

Кезекші редактор: Айгүл ТЕШЕБАЕВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науаи” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Кәсіпорынның мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырыс Г — 226.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 00.20 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738